

Қазақстан Республикасында мерекелерге дайындық пен оларды өткізу жөніндегі ұсынымдарды мақұлдау туралы

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі басшысының 2010 жылғы 17 ақпандағы № 01-39.10 Бұйрығы

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында мерекелерге дайындық пен оларды өткізу жөніндегі ұсынымдар (бұдан әрі - Ұсынымдар) мақұлданын.
2. Мемлекеттік органдар мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру кезінде Ұсынымдарды басшылыққа алсын.
3. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы бекіткен 2007 жылғы 15 қаңтардағы № 32-15.11 Қазақстан Республикасында мерекелерді дайындау және өткізу тұжырымдамасының күші жойылсын.
4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің басшысы А. Мусин

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі

2010 жылғы 17 ақпандағы № 01-39.10 бұйрығымен

МАҚҰЛДАНҒАН

Қазақстан Республикасында мерекелерге дайындық пен оларды өткізу жөніндегі ҰСЫНЫМДАР

Кіріспе

Қазақстан Республикасында мемлекеттік мерекелерге дайындық пен оларды өткізу жөніндегі Ұсынымдар (бұдан әрі - Ұсынымдар) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы бекіткен 2007 жылғы 15 қаңтардағы № 32-15.11 Қазақстан Республикасында мерекелерге дайындық пен оларды өткізу тұжырымдамасының қағидаларын дамыту мақсатында дайындалды.

Осы тұжырымдаманы әзірлеу елде болған елеулі қоғамдық-саяси және экономикалық өзгерістерден туындады.

Бұл Ұсынымдар республиканың тәуелсіздік жылдарындағы негізгі жетістіктерін және Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру перспективасына, қазақстандықтардың жаңа, анағұрлым жоғары өмір сүру сапасын

қалыптастыруға, сондай-ақ осы тұғырнамада елдің негізгі қоғамдық-саяси күштерінің бірігуі қажеттігіне байланысты 2012 жылға дейінгі мемлекеттік саясаттың б а с ы м д ы қ т а р ы н е с к е р е д і .

Осы Ұсынымдарды әзірлеу мен іске асырудың **мақсаты** республиканың қазіргі заманғы болмысын, күллі қоғам үшін мән-маңызы бар құндылықтарды бейнелейтін мемлекеттік мерекелерге дайындық пен оларды өткізудің бірыңғай жүйесін құру болып т а б ы л а д ы .

М і н д е т т е р :

Қазақстан Республикасында мерекелерге дайындық пен оларды өткізудің бірыңғай қ а ғ и д а т т а р ы н ә з і р л е у ;

мерекелерге дайындық пен оларды өткізудің айқын идеологиялық базасын жасау;

мерекелерді ұйымдастыру мен өткізу мәселелері бойынша тиімді бірыңғай мемлекеттік с а я с а т жү р г і з у ;

қоғамның идеялық және рухани-мәдени бірігуін, елдің жалпыұлттық азаматтық с ә й к е с т і л і г і н н ы ғ а й т у ;

қалың жұртшылықты мерекелерге дайындық пен оларды өткізу процесіне тарту;

қоғамның мемлекет пен оның институттарына деген сенімін нығайту;

халықты «Қазақстан-2030» Стратегиясының міндеттерін орындауға жұмылдыру.

Мерекелер халықтың рухани-мәдени топтасуын, өскелең ұрпақтың әлеуметтенуін, рухани және адамгершілік-имандылық құндылықтарды өрістету мен ұластыруды қамтамасыз ететін ұлттың идеялық топтасуының қуатты факторы болып табылады.

Әлемдік практика көрсетіп отырғандай, **мемлекеттік мереке** мәртебесі мынадай ө л ш е м д е р г е с ә й к е с к е л е д і :

этностына және дініне қарамастан, қоғамның барлық мүшелері қолдайтын

құндылықтар мен бағдарларға ерекше мән беретін жалпыұлттық сипаты;

осы этномәдени бірлікте қалыптасқан мерекенің тарихи себептілігі;

осы мерекенің пайда болуын айқындаған оқиғаның жалпыұлттық ауқымы;

мемлекеттің тарихи дамуының шынайы ерекшелігін көрсетуі;

мерекелерге жалпыұлттық сипат беру үшін халықтың барлық әлеуметтік, этностық, конфессиялық және басқа да топтарының мүдделерін ескеруі;

мереке мәртебесінің заңды ресімделуі.

Әлем елдерінің көпшілігінде **мемлекеттік мерекелер мынадай функциялар атқарады** :

жалпыұлттық сананы, жалпыұлттық мұраттар жүйесі мен ұлттың өмір сүру салтын қалыптастыруға, сондай-ақ қоғамның жалпыадамзаттық, либералдық-демократиялық құндылықтар негізінде топтасуына жәрдемдеседі;

қоғамның өзіндік мәдени бірлік ретінде біріздендірілу процесіне мүмкіндік т у ғ ы з а д ы ;

қоғамның әлемдік мәдени кеңістікке кірігуіне мүмкіндік жасайды.

«Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы № 267-ІІ Қазақстан Республикасының Заңымен елде атап өтілетін мерекелердің құқықтық мәртебелері айқындалған.

Қазақстан Республикасында ұлттық мереке, мемлекеттік мерекелер, кәсіби мерекелер атап өтіледі.

Қазақстан Республикасында 16-17 желтоқсанда атап өтілетін Тәуелсіздік күні ұлттық мереке болып табылады, мемлекеттік мерекелер: Жаңа жыл - 1-2 қаңтар, Халықаралық әйелдер күні - 8 наурыз, Наурыз мейрамы - 21-23 наурыз, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі — 1 мамыр, Жеңіс күні - 9 мамыр, Астана күні — 6 шілде, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні - 30 тамыз.

Кәсіби мерекелер мен өзге де мерекелер «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы 3827 Жарлығына сәйкес белгіленген: Отан қорғаушылар күні - 7 мамыр, Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні - 31 мамыр, Қазақстан Республикасының рәміздері күні - 4 маусым, Полиция күні - 23 маусым, Медицина қызметкері күні - маусымның үшінші жексенбісі, Баспасөз, телевидение және радио күні - маусымның соңғы жексенбісі, Дипломатиялық қызмет күні — 2 шілде, Metallург күні - шілденің үшінші жексенбісі, Көлік және байланыс қызметкерлері күні - тамыздың бірінші жексенбісі, Құрылысшы күні - тамыздың екінші жексенбісі, Спорт күні - тамыздың үшінші жексенбісі, Шахтер күні - тамыздың соңғы жексенбісі, Білім күні - 1 қыркүйек, Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің күні - қыркүйектің бірінші жексенбісі, Қазақстан Республикасының халықтары тілдерінің күні - қыркүйектің үшінші жексенбісі, Атом саласы қызметкерлерінің күні - 28 қыркүйек, Мұғалім күні - қазанның бірінші жексенбісі, Ұлттық валюта күні - 15 қараша, Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күні - қарашаның үшінші жексенбісі, Энергетик күні - желтоқсанның үшінші жексенбісі.

Сонымен қатар, екі жылда бір рет Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімімен атаулы және мерейтой күндерінің тізбесі бекітіледі.

Сол секілді бейресми мерекелер де (дәстүрлі, діни, этномәдени, өңірлік және т.б.) бар.

Еңбек кодексінің 96-бабына сәйкес мұсылман күнтізбесі бойынша атап өтілетін Құрбан айттың бірінші күні, 7 қаңтар - православиелік Рождество демалыс күндері болып табылады. Бұл - Мемлекет басшысының елдегі тұрақтылықты, этносаралық келісімді, конфессияаралық сыйластықты, өзара қарым-қатынастар төзімділігін нығайтуға, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған саясатын іске асырудағы мемлекеттік оң рөлінің айғағы.

Өзінің ауқымдылығы мен мазмұны бойынша неғұрлым елеулілері **ұлттық мереке және мемлекеттік мерекелер** болып табылады.

Ұлттық мерекені және мемлекеттік мерекелерді тойлау жөніндегі іс-шаралар

республикалық, өңірлік деңгейлерде өткізіледі.

Өңірлік іс-шаралар жалпыреспубликалық іс-шараларды тұтастай қайталамай, оларды тек толықтыра, мазмұнын жергілікті деңгейде аша түсуге тиіс.

Мерекелерді өткізу нысандары неғұрлым демократиялық, адамдарға жақын болуға т и і с .

Мерекелердің нышандары мен эмблемаларын ғылым және өнер қайраткерлері арасынан сарапшыларды тарта отырып жоғары көркемдік деңгейде жасау, авторлар және дизайнерлер мен суретшілер ұжымдары жұмыстарына республикалық деңгейде логотиптерді міндетті түрде бекіте отырып, конкурстық таңдаулар өткізу ұсынылады.

Халықтың белгілі бір әлеуметтік топтарына айқын бағытталуы іс-шаралар тиімділігінің негізгі шарты болып табылады. Аталған мереке өздері үшін мейлінше маңызды әлеуметтік топты (соғыс және еңбек ардагерлері, балалар, әйелдер және т.б.) айқындап, оған бірқатар атаулы іс-шараларды арнау қажет.

Негізгі назарды практикалық істерге аударған жөн (халықтың табысы төмен топтарына атаулы материалдық қолдау көрсету; нақты әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған нышаны бұқаралық шаралар және т.б.)

Мерекелерді дайындау және өткізу процесіне олардың әсемдігіне, айшықтылығына, сезімді билеу қанықтылығына ерекше көңіл бөле отырып, халықты жаппай жұмылдыруды қамтамасыз еткен жөн.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» 2007 жылғы 4 маусымдағы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес ұлттық мерекеге және Қазақстан Республикасында атап өтілетін мерекелік күндерге арналған салтанатты жиналыстар мен мәжілістерді ашқан кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні орындалады.

Ұлттық мереке және мемлекеттік мерекелер күндерінде Қарулы күштердің әскери құрылымдарында, бөлімдерінде, бөлімшелерінде және мекемелерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери жасақтарында міндетті түрде Мемлекеттік ту көтеріледі.

Ұсынымдарды тиімді іске асыру мақсатында мерекелік іс-шараларға мониторинг және талдау жүргізген жөн, бұл өмірдегі қоғамдық-саяси болмысқа сәйкес осы Ұсынымдарға уақтылы толықтырулар мен өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді.

ЖАҢА ЖЫЛ

Қазақстанда **Жаңа жыл 1-2 қаңтарда атап өтіледі.**

Қазақстанда осы мерекеге мынадай негізгі сипаттар тән.

Мерекемен қоғам қызметінің барлық саласындағы өткен кезеңнің қорытындысы және мемлекет ауқымында, сондай-ақ жеке алынған отбасы мен әрбір адам үшін жаңа міндеттер мен мақсаттардың іске асырылуының басталуы байланыстырылады.

Жаңа жыл ең бұқаралық мерекелердің бірі болып табылады. Оны атап өту күндері қатысушылар санының көптігіне есептелген іс-шаралардың (балалар мерекелері,

жастар балы және т.б.) елеулі бөлігі өткізіледі. Сонымен бірге Жаңа жыл отбасы мерекелерінің санатына жатады.

Жаңа жыл мерекесі этносы мен дініне қарамастан, барлық адамдардың өміріндегі маңызды оқиға болып табылады. Онда жалпыадамзаттық, демократиялық құндылықтар түрінде топтастыру әлеуеті бар. Бұл орайда ол қайырымдылыққа, халықтың табысы төмен топтарына, балаларға, мүгедектерге мемлекеттік қамқорлық көрсету үшін зор мүмкіндіктер туғызады.

Мерекенің **мақсаты** - қоғамда әлеуметтік сенімділік сезімін қалыптастыру, қоғамды имандылық идеялары төңірегінде топтастыру.

М і н д е т т е р :

жалпыдемократиялық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген қоғамды топтастыру ;

әрбір қазақстандықтың елдің жетістіктері мен әл-ауқатына қатыстылық сезімін қалыптастыру ;

отбасылық құндылықтардың, моральдық-адамгершілік қасиеттердің маңыздылығын арттыру ;

халықтың әлеуметтік Қорғансыз топтарына атаулы көмек көрсету, қайырымдылық пен демеушілік институтын қалыптастыру ;

салауатты өмір салтын қалыптастыру, мерекені халықты спорттың қысқы түрлерімен шұғылдануға тарту үшін пайдалану ;

мерекені мемлекеттің өткен жылдағы оң жетістіктерін насихаттауға және жаңа жылға көзделген мақсаттарды түсіндіруге бағытталған ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан сүйемелдеу ;

қоғамда жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген дәстүрлерді одан әрі қалыптастыру ;

отбасының бос уақытын ұйымдастыру, отандық Жаңажылдық ойын-сауық телерадио бағдарламаларын жасау .

Жоғарыда көрсетілген мақсат пен міндеттеріне қол жеткізу үшін жаңа жылды тойлауды мындай негізгі: ақпараттық-насихаттық; мәдени-бұқаралық; атаулы қайырымдылық көмек көрсету бағыттарында жүзеге асыру ұсынылады.

Жаңа жылдық мерекенің **эмблемасы мен нышанын** жасаудың көп жылғы тәжірибесі бар, сондықтан өңірлерге негізгі тақырыпты дербес әзірлеуге мүмкіндік беріп, тек қоғамдық-саяси сәттерді бейнелейтін жетекші тақырыптарды айқындаған жөн.

Мерекенің эмблемасы қуанышты, ашық, үйлесімді, көзге жылы болуға, өз бейнесімен адамдарды қуантатындай болуы тиіс. Мереке эмблемасы бар бұйымдар (шарлар, жапсырмалар, ойыншықтар және т.б.) жасау үшін эмблеманы жобалауды мереке басталғанға дейін көп бұрын аяқтаған жөн. Эмблемамен бірге 12 жылдық циклды негізге ала отырып, бірақ ұлттық реңдегі мерекелік бойтұмар жасаған жөн.

Жаңа жылдың эмблемасын көк түс спектрінің (ақшыл-көгілдір, көгілдір, көк,

қара-көк) және қызыл түстің - от түсінің жұмысына негіз болатын ақ-сұр түсті аяда
о р н а л а с т ы р у ұ с ы н ы л а д ы .

Мерекенің идеялық-көркемдік мазмұны

Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы құттықтауы мемлекеттік барша электрондық БАҚ бойынша өтіп бара жатқан жылдың соңғы минуттарында беріледі. Құттықтаудың негізгі идеясы - өткен жылдың басты қорытындыларын көрсету және мемлекет дамуының алдағы жылдағы басым бағыттарын жария ету. Президенттің Жаңа жыл қарсаңындағы сөз сөйлеуі қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастырудың ең әсерлі компоненттерінің бірі болып табылады, халық оны мемлекеттің саяси тұрақтылығының белгісі ретінде қабылдайды. Президент сөз сөйлеген сәтінде өзінің мемлекет басшысы, оның жоғары лауазымды тұлғасы, халық пен мемлекеттік билік бірлігінің нышаны әрі кепілі ретіндегі міндеттерін неғұрлым а й қ ы н і с к е а с ы р а д ы .

Қазақстан Республикасы Президенті атынан балаларға арналған Жаңажылдық шыршатой - елде 1991 жылдан бастап жетім балалар, мектеп-интернаттар тәрбиеленушілері, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар мен табысы аз көп балалы отбасы балалары үшін өткізіледі. 2004 жылдан бастап барлық облыс орталықтары мен Астана және Алматы қалаларында Қазақстан Республикасы Президенті атынан жаңажылдық шыршатой өткізіледі. Мерекенің теледидарда көрсетілетін нұсқасы жасалады, оны «Қазақстан» телерадио кешені дәстүрлі түрде 1 қ а ң т а р д а к ө р с е т е д і .

Қазақстан Республикасы Президенті атынан жаңажылдық шыршатой өткізудің бұл а у қ ы м ы қ о ғ а м д а о ң с е р п і л і с к е и е .

Ол осы іс-шараға қатысушылардың санын арттырып қана қоймай, сонымен қатар балаларға арналған жаңажылдық мерекелік бағдарламалар өткізудің нысандарын, әдістері мен технологияларын түрлендіруге жол ашып, қайырымдылық жасауға, халықтың аз қамтылған бөлігіне мемлекеттік қамқорлық жасауға көп мүмкіндіктер б е р д і .

Жыл сайынғы, соның ішінде басқа да жаңажылдық балалар мерекелеріне дайындық пен о н ы ө т к і з у к е з і н д е :

балалар үшін отансүйгіштік бағыттағы жаңа поэзиялық және музыкалық шығармалар, әсіресе оларды мемлекеттік тілде, жасау; мерекені балалар үшін әсерлі деңгейде, белгілі жас тобына түсінікті етіп ұйымдастыруға мүмкіндік беретін сценарий материалының дайындалуын қамтамасыз е т у ;

осы іс-шараға шақырылған әрбір баланың белсенді қатысуы ескеріле отырып, қайта қаралуға және жаңалануға тиіс осындай шыршатойды өткізудің сценарий жоспарын ә з і р л е у ;

республикалық және өңірлік (облыстық, аудандық) мерекелер үшін сценарийлер

жасаудың конкурстық тетігін қамтамасыз ету жөніндегі дәстүрлі жалғастырған жөн.

Өңірлік деңгейде әкімдердің балаларға арналған жаңажылдық шыршатойлары өткізіледі. Соңғы кезде түрлі ұйымдардың халық үшін сан жағынан да едәуір көп, сапасы жағынан тартымды ақылы жаңажылдық іс-шараларды өткізетінін ескере отырып, жергілікті органдарға халықтың әлеуметтік қорғалмаған бөлігі: жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедектер, жалғыздікті зейнеткерлер және т.б. үшін қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыруға ерекше к ө н і л б ө л у ұ с ы н ы л а д ы .

Қалыптасқан ізгілік дәстүрлерін пайдалана отырып, жергілікті деңгейде халықтың түрлі топтарына жаңажылдық мерекелерді: бұқаралық іс-шараларға қатыса алмай үйде қалатын мүгедек балалар үшін атаулы құттықтауларды (Аяз Ата мен Ақшақардың келуін); аз қамтылған азаматтар үшін қайырымдылық түскі асын ұйымдастыруға болады. Осы жұмысқа қоғамдық институттар мен халықты кеңінен тартқан жөн. Халықтың қайырымдылық ізгілік қызметке деген ұмтылысын қалыптастыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарының (бұдан әрі - БАҚ) белсенді және мақсатты бағытталған жұмысының маңызы зор.

Бұқаралық іс-шараларды жабық үй-жайлардан тыс жерде ұйымдастыру қажеттігіне көңіл бөлген жөн. Бүкіл жергілікті тұрғындар үшін қолжетімді қысқы ойын-сауық орталықтары ретінде мұз қалашықтарын жасау жақсы нәрсе екенін танытты.

Салауатты өмір салтын насихаттау үшін әуесқой аула командалары арасында спорттың қысқы түрлері бойынша жарыстар, бұқаралық эстафеталар және т.б. секілді таза ауада өткізілетін бұқаралық іс-шаралардың мүмкіндігі зор (осындай жарыстарды өткізу үшін қарапайым спорт құрылыстарын: хоккей қораптарын, шаңғы жолдарын, сырғанақтарды және т.б. жасау қажет).

Елді мекендердің қазіргі заманға сай және барабар безендірілуі де үлкен рөл атқарады. Қалыптасқан дәстүрлерден басқа (электрлі әшекейлерді пайдалану, мұз бен қардан мүсіндер жасау, мерекелік транспаранттарды безендіру және т.б.) мынадай принциптерді ескерген жөн: безендірудің қауіпсіздігі; безендірудің композициялық тұтастығы (дизайнерлік әзірлемелер жыл сайын Интернетте, арнайы және бұқаралық БАҚ-та беріледі); көрнекі ақпарат мазмұнының Жаңа жыл тақырыбына сәйкестігі.

Мерекені ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қолдау

Бұл бағытты іске асыру жұмысының басты тетігі мемлекеттік ақпараттық тапсырыс шеберінде БАҚ-ты тарту болып табылады.

Жаңа жыл адамдардың санасында белгілі бір межені, өткенді қорытындылау мен болашаққа жоспар құруды байланыстыратындықтан, БАҚ-ты мерекені жариялағанда өткен жылдың шешуші оң сәттері мен оқиғаларына бағдарлауға назар аудару қажет.

Ойын-сауық тұрғысындағы бағдарламалар мен хабарларға қоса еліміздің экономикалық, саяси, мәдени және қоғам өмірінің басқа да салаларындағы жетістіктері туралы талдау сипатындағы материалдардың электрондық және басылым

құралдарында берілуін ұйымдастыру ұсынылады. Бұл ретте болып жатқан өзгерістердің оң сертініне назар аудару керек.

Әлеуметтік оптимизмді қалыптастыру мақсатында еліміздің болашақтағы перспективаларын белгілеу, табысқа қол жеткізген адамдарды, қуанышқа бөленген және көңілді жандарды көрсету қажет. Отбасылық құндылықтарды насихаттауға, қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты сақтауға баса көңіл бөлінгені жөн. БАҚ-тың барлық арналары бойынша Мемлекет басшысының жаңа жылдық құттықтауын таратуды қамтамасыз ету қажет.

Басталар жаңа жылдың Қазақстанның игілігі мен әрбір қазақстандық отбасының әл-аухатын еселейтіндігі жаңажылдық мерекенің орталық идеясы болып табылады.

Алдағы жыл Қазақстан үшін сөзсіз табысқа жету Тарихының, тағы бір ұмытылмас парағы болатынына екпін түсіру керек. БАҚ-тарда жетекші талдаушылардың, қоғамдық пікір жетекшілерінің ел экономикасы мен әлеуметтік саланың жоғары өсу қарқыны туралы болжамдары жариялансын.

Біздің менталитетімізге тән үлкендерді сыйлау, берік отбасылық қатынастар, салт-дәстүрді сақтау секілді айрықша құндылықтарға назар аударуға болады. Бұл қасиеттер әрбір қазақстандықтарға мақтаныш сезімі мен олардың отбасылық құндылықтардың сабақтастығын сақтаудағы өз үлестерін ұғынуына сенімділік ұялата отырып, әлем жұртшылығына лайықты үлгі бола алады.

Бұл ретте аталған материалдардың БАҚ-та берілуі ресми сипатта болмауға тиіс.

Жаңажылдық салтанаттарды өткізудің ұйымдастыру ресурстары деп Қазақстан халқы Ассамблеясын, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстарды, саяси партияларды, үкіметтік емес ұйымдарды (бұдан әрі - ҰЕҰ), ғылым мен мәдениет қайраткерлерін, түрлі конфессияларды және т.б. санауға болады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

Қазақстанда аталып өтетін 8 наурыз мерекесі ерекше маңызға ие. Оның мазмұнында қоғамның қуатты тұтастырушы факторлары болып табылатын жеке тұлғалық, жалпымәдени және жалпыадамзаттық құрауыштар тағысады.

Біздің тәуелсіздік жылдарымызда әйелдердің азаматтық белсенділігі артты. «Әйелдердің қоғам өміріндегі әлеуметтік рөлі артып келеді. Бүгінде Қазақстан әйелдері отбасының ұйытқысы ғана емес, сонымен қатар болып жатқан өзгерістердің белсенді мүшелері де болып табылады. Бұл - мемлекеттің демократиялық негіздерінің ұдайы нығаюының көрсеткіші, мұнда іс жүзінде әйелдердің тең құқылылығы мойындалады, олардың өздерін танытуына және шығармашылық қабілеттерін ашуға жағдай жасалады».

Мемлекет әрбір әйелге қоғам қызметінің кез келген саласындағы таңдау еркіндігін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдайды. Елдегі барлық саяси, демократиялық және әлеуметтік-экономикалық процестердің толыққанды қатысушысы ретіндегі қазіргі заманғы әйелдің өркениетті бейнесін қоғамдық санада қалыптастыру

ө те ма ңыз ды бо лы п та бы ла ды .

Бүгінгі таңда әйелдер орталық органдардың бірінші басшылары, министрлердің, комитет төрағаларының орынбасарлары, облыс әкімдерінің орынбасарлары лауазымдарын иеленуде, Сыртқы істер министрлігі жанындағы ерекше тапсырмалар жөніндегі елшілер болып табылады, саяси партиялар мен қозғалыстарды басқарады. Біздің әйелдер өздерінің мемлекеттік және жергілікті өкілді органдарына сайлау және сайлану конституциялық құқықтарын белсене пайдаланады.

Елде жүріп жатқан демократиялық процестер, үкіметтік емес сектордың қызметі әйелдердің қоғамдық бастамашылығын одан әрі қалыптастыруға және дамытуға т і к е л е й ә с е р е т т і .

Кәсіпкер әйелдердің жобаларын жеңілдікпен несиелендіру жүйесін кеңейту және жетілдіру, бизнесті дамыту мақсатындағы микронесиелендіру бағдарламасын жүзеге а сы ру ж ө н і н д е г і ш а р а л а р і с к е а с у д а .

Қазақстанда отбасы, ана мен бала денсаулығын сақтауға бағытталған арнайы шаралар қабылдануда. Олар Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, бірқатар кешенді және мақсатты бағдарламалар аясында іске асады.

Қазақстан отбасы, әйелдер мен балалар проблемалары жөніндегі халықаралық келісімдерді іске асыруға белсенді қатысуда. Қазақстан әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою жөніндегі БҰҰ халықаралық конвенциясына қосылды. БҰҰ Қазақстанда жүзеге асқан отбасы, әйелдер және балалар құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қатысты жұмысты жоғары бағалады.

Қазақстан Республикасы Президенті жанында Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия жұмыс істейді.

Ол еліміздегі әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі Ұлттық іс-қимыл жоспарын, Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат тұжырымдамасын, 2006 - 2011 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясын және отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірқатар негіз қалаушы құжаттарды әзірлеп, іске асыруда.

2006 - 2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында Гендерлік теңдік стратегиясы әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарына тең қатысуына кол жеткізуге, экономикалық тәуелсіздікке, өз бизнесін дамытуға және қызметтік өсуге арналған тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге, отбасындағы құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыруға жағдай жасауға, жынысы бойынша зорлық-зомбылықтан азат болуына б а ғ ы т т а л ғ а н .

1998 жылдан бастап әрбір үш жыл сайын Қазақстан әйелдерінің форумы өтіп тұрады, онда әйелдердің білім беру, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту сияқты әртүрлі салалардағы жағдайының өзекті мәселелері; сондай-ақ әйелдер кәсіпкерлігін дамыту, әйелдердің шешім қабылдау процесіне қатысуын кеңейту мәселелері және т.б.

т а л қ ы л а н а д ы .

Орталық Азияда субөңірлік экономикалық ынтымақтастықты нығайту жөніндегі халықаралық конференция мен БҰҰ-ның Орталық Азия елдеріне арналған арнайы бағдарламасы (СПЕКА) шеңберінде 2005 жылғы мамырда СПЕКА-ға қатысушы елдердің субөңірлік ынтымақтастығы процесінде гендерлік аспектілерді экономикалық саясатқа енгізу мәселелері талқыланды.

Қазақстан Республикасының бастамасы бойынша экономикада гендерлік мәселелер жөніндегі жаңа тақырыптық топ құру туралы шешім қабылданды.

Қазіргі кезде әйелдер арасындағы кәсіпкерлік саласындағы СПЕКА қызметін қолдау өңірлік орталығын (қорын) құру мәселесі талқылануда. Бұл әйелдердің жаһандану жағдайындағы экономикалық процестерге қатысуына, әйелдер мен отбасының әлеуметтік мәртебесін көтеруге ықпал етеді.

Қазақстандық қоғамның жан-жақты ілгерілемелі демократиялық дамуының куәсі гендерлік теңдік туралы заңнаманың - «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заңдардың қабылдануы болып табылады. Аталған нормативтік құқықтық актілер ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, мемлекет және қоғам өмірінің барлық салаларында гендерлік теңдік үшін жағдай жасауға қатысты негізгі принциптер мен нормаларды белгілейді, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдар мен азаматтардың тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі қызметінің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдық негіздерін айқындайды.

8 наурыз қарсаңында Мемлекет басшысының Қазақстан әйелдерін жыл сайынғы құттықтауы, Президенттің әртүрлі: ғылым, мәдениет, бизнес және т.б. салалардың атынан өкілдік ететін әйелдермен кездесулері дәстүрге айналды.

Жыл сайын әртүрлі деңгейдегі әкімдер Халықаралық әйелдер күніне байланысты қабылдаулар ұйымдастырады, меншік нысанына қарамастан мекемелерде, ұйымдарда, кәсіпорындарда әйелдерге салтанатты сый-құрмет көрсетіледі.

Осы мерекені өткізудің **мақсаты** әйелдің қоғамның әлеуметтік дамуы процестерінің барлығына белсенді қатысуын, өзінің жеке тұлғалық, адами әлеуетін іске асыруын көрсету. Қазіргі заманғы әйел - көшбасшы әйел, елдегі барлық саяси және әлеуметтік процестердің толыққанды және белсенді қатысушысы.

М і н д е т т е р і :

әйелдердің мемлекеттік және қоғамдық өмірге тең құқылы қатысуын көрсету;
аз қамтылған отбасылар мен жалғыз басты аналарға атаулы көмек көрсету;
отбасы және отбасылық-некелік қатынастар институтын нығайту, отбасы беделін көтеру, ұрпақтардың әлеуметтік және мәдени сабақтастығын қамтамасыз ететін және

тұрақтылық пен қоғамды орнықты дамытудың факторы болып табылатын неке мен отбасы құндылықтарын насихаттау;
салауатты өмір салтын насихаттау;

бір жыныстың екінші жыныстан артықтығы және басымдығы идеясымен байланысты гендерлік стереотиптерді жою. Қоғамдық гендерлік сезімталдық сананы көтеру жөніндегі ұлттық гендерлік саясат жүргізу;
қоғамның гендерлік мәдениетін көтеруге, мемлекеттік билік пен басқару органдарында ерлер мен әйелдердің тең болуына оң көзқарасты қалыптастыруға бағытталған кең ауқымды ақпараттық, ағарту науқандарын жүргізу;
балалар мен жастарды зорлық-зомбылықсыз мінез-құлыққа үйрету.

Э м б л е м а с ы м е н н ы ш а н ы

Мереке эмблемасы жергілікті жерлерде таралымын көбейту үшін оларды графикалық дизайн жолымен айшықталған Әйел-Ананы, сондай-ақ "8" цифрын бейнелейтін кескін болып табылады. Бұл үшін не бүкіл әлемге әйгілі көркем бейнені (картинаны, портретті, мүсінді), не ұлттық автордың Қазақстанның этностық және тарихи ерекшеліктерін көрсететін сол тәрізді шығармасын таңдап алып, эмблеманың көркемдік негізін айқындау ұсынылады. Мерекенің түр-түс үйлесімі көктемнің тууы мен табиғаттың оянуын бейнелейтін нәзік пастель реңкінде (нәзік-жасыл, күңгірт-сары, жұмсақ-көгілдір және ашық қызғылт) көрініс табады.

Іс-шаралардың идеялық-көркемдік мазмұны:

әйелдердің азаматтық құқықтарын іске асыру негізінде қоғамдық келісімді, ішкі саяси тұрақтылықты нығайту;
әйелдің отбасындағы ана ретіндегі рөлін нығайту, қазақстандықтар отбасындағы қолайлы психологиялық климат құру;
ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;
әйелдердің саяси және экономикалық алға басуына қолдау көрсетуді қамтамасыз ету;
елдегі демографиялық ахуалды жақсарту;
салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Әйелдердің ұрпақ әкелетін денсаулығын сақтау, ана мен баланы қорғау; гендерлік білім беру және қоғамның барлық мүшелері арасындағы әділ әлеуметтік қарым-қатынастардың қажеттігі мәселелеріндегі халық ағарту жүйесін дамыту; адамның зорлық-зомбылықсыз лайықты өмір сүруі үшін жағдай жасау; әйелдердің әлеуметтік қорғансыз топтарына (зейнеткерлерге, мүгедектерге, жалғыз басты және көпбалалы аналарға, жұмыссыздарға және т.б.) атаулы қолдау көрсету; көшелер мен мереке өтетін орындарды, бұл ретте жарнаманың қазіргі заманғы құралдарын пайдалана отырып, мерекелік безендіруді ұйымдастыру қажет; әйелдерді "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен, ордендер және медалдермен марапаттау;

көп балалы аналарға салтанатпен құрмет көрсету; ұлттық дәстүрлер мен қазіргі заманғы болмысты үйлестіре отырып, этномәдени ерекшеліктерге байланысты бұқаралық қоғамдық өмірге жеткілікті араласа алмаған әйелдерді неғұрлым толық қамту үшін іс-шаралар өткізу.

Мерекені ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қолдау

Мерекені ақпараттық тұрғыдан қолдау теледидарда, радиода, баспасөзде осы мерекенің тарихын, оның бағыттылығын нақты баяндауды да, Қазақстан тарихындағы неғұрлым белгілі әйелдер туралы ақпаратты да қамти алады. Елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріндегі әйелдердің рөлін жария етеді, әйелдердің әлеуметтік және қоғамдық мәртебесін көтеруге бағытталған мемлекет саясатының нәтижелерін жарқын үлгілермен өрнектей отырып, оған айрықша назар аударуды ақпараттық нақанның басты тақырыбы еткен жөн. Республикалық және өңірлік басылымдарда құттықтау материалдарын, әйелдерге арнап жазылған немесе арналған көркем шығармалар жариялау, күллі БАҚ-тарда арнаулы айдарлар ашу маңызды. Қазақстан Республикасы Президентінің Жанындағы Әйелдер істері мен отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелерінің БАҚ-тарда сөз алуын ұйымдастырған жөн.

Салтанатты өткізудің ұйымдастыру ресурстары:

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері мен отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия, өңірлердегі, салалардағы және барлық деңгейдегі ведомстволардағы осыған ұқсас құрылымдар; жергілікті атқарушы органдар; Қазақстан халқы Ассамблеясы, ұлттық-мәдени орталықтар; қоғамдық, халықаралық гендерлік ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар, қайырымдылық қорлары, ғылым мен мәдениет қайраткерлері, діни конфессиялар жетекшілері.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

Наурыз - күн күнтізбесі бойынша Жаңа жылдың алғашқы күні, ол көптеген түркі мәдениеттерінде 21 наурызда, көктемгі күн мен түннің теңелген күнінде басталады.

Ол ежелден табиғаттың жаңаруының нышаны болып келген, құнарлылыққа табынумен, тіршілігі семген және жаңарып жатқан табиғатқа сенумен байланысты болған.

Ежелгі Наурыз мейрамы қазақстандық қоғамның қазіргі өміріне үйлесімді еніп, саяси тұрақтылықты, достық пен келісімді нығайтуда үлкен рөл атқара бастады.

Қазіргі Наурыз ежелгі дүние дәстүрлерінің сабақтастығын сақтады: ұлттық мәдениеттің жаңғыруы жағдайында ол «уақыт байланысының», Қазақстан тарихы мен қазіргі кезеңінің маңызды буыны болып табылады.

Бүгінгі күні Наурыз мейрамы жалпыхалықтық көктем, еңбек және бірлік мерекесіне айналды. Бүгін бұл мереке Қазақстанда тұрып жатқан қазаққа, украинге, орысқа, неміске және еліміздің 140 этносының өзге де өкілдеріне бірдей қымбат. Наурыз мейрамын тойлауға қазіргі уақытта кең ауқымды сипат беріледі.

Наурыз мейрамы "Көктемгі халықтық мереке - Наурыз мейрамы туралы Қазақ КСР Президентінің 1991 жылғы 15 наурыздағы Жарлығы шыққаннан кейін ресми танылды. Ел Президентінің Жарлығымен көктемгі күн мен түннің теңесу күні - 22 наурыз мереке күні («Наурыз мейрамы») болып жарияланды. Қазіргі таңда «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 2009 жылғы 22 сәуірде енгізілген өзгерістерге сәйкес Наурыз мейрамы наурыздың 21 мен 23 күндері аралығында тойланады. Мемлекеттік мерекені тойлау артуына себеп болған, Наурыз мейрамы - бұл халықтық мереке, ол жалпыадамзаттық құндылықтарды нығайтудағы, мемлекетіміздің халықтарының достығы мен туыстығын нығайтудағы маңыздылығы жағынан жаңа жылдық мерекеге ұқсас. Наурыз мейрамын жаңа форматта тойлау қоғамның көзқарастары мен қатынастарын, мемлекеттік шараларды, қоғамның рухани-адамгершілік және әлеуметтік өміріндегі мемлекеттің рөлін қайта қарауды білдіреді. Үш күнтізбелік күннің өзгеруі мерекелеу күндерін дағдылы арттырып қана қоймай, сонымен бірге мерекелік іс-шаралар рөлінің артуына, азаматтардың қоғамның мәдени өміріне қатысуына, азаматтардың басым көпшілігін біртұтас мерекеге, халықтың бірлігіне, сондай-ақ балалармен және жастармен белсенді тәрбие және мәдени жұмысқа жұмылдыруға бастайды.

Наурыз мейрамын мерекелеудің **мақсаты** Қазақстан жерінде бейбітшілік пен достықты нығайту, қоршаған ортаны қорғау, адамның табиғат пен қоғамда үйлесімді өмір сүруі болып табылады.

Мерекенің міндеттері:

этносаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелеу, достық пен сенімділік жағдайын жасау ;

елдегі азаматтық татулық пен этносаралық келісімді нығайту, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету ;

Қазақстан халықтарының мәдениетін жақындастыру, ортақ мәдени құндылықтарды, жалпыұлттық сананы қалыптастыру ;

қоғамда әлеуметтік серіктестік қатынастарын қалыптастыру, қоғамның аз қамтылған әрі әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтарына қайырымдылық көмек көрсету ;

Қазақстан табиғатының бірегейлігін, ұлт денсаулығының маңызды шарты ретінде табиғаттағы экологиялық тепе-теңдікті сақтаудың қажеттігін түйсіндіру ;

елді мекендер аумақтарын абаттандыру, оларды тәртіпте, тазалықта ұстау жөніндегі қоғамдық бастамаларды дамыту .

Эмблемасы мен нышаны

Мерекенің нышаны өз бастауын ғасырлар тереңінен алатын, бірақ ұлттық рухпен қазіргі заман стилінде топшыланған, адам, қоғам мен табиғаттың үйлесімді әлемі идеяларына негізделеді .

Мерекенің түр-түс үйлесімін табиғаттың оянуын, оның жаңаруын, жаңа өскіндерді

бейнелейтін спектрдің жасыл түсінде (ашық жасыл, әнтек жасыл, қызыл қошқыл, қызғылт сары) пайдаланған жөн.

Мерекенің идеялық-көркемдік мазмұны

Достық пен азаматтық келісім идеясы. Этносаралық келісім, достық пен өзара сыйластық Наурыз мейрамын мерекелеуге дайындық және оны мерекелеу кезіндегі негізгі принциптерінің бірі болып табылады. Мерекелік іс-шараларды этностық топтар арасындағы достықты нығайту, бір-біріне құрмет және түсіністік жағдайында өткізу қажет.

Этностық мәдениеттің қазіргі заманғы жаңғыруы мен олардың жақындасуы жағдайында ең таңдаулы халықтық салт-дәстүрлер мен салт-жораларды жарқын да көңілді және өз Наурыз мейрамы күндерінде сақтау мен көрсете білу маңызды. Мерекелік салт-жораларды фольклорлық негізге құрылған театрландырылған көріністерді пайдалану ежелгі Наурыздың мазмұнын белгілі бір дәрежеде жаңартып, қазіргі заманға лайықтап қана қоймай, оның халықтық туп негізіне, елдің тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауға тәрбиелеуге жәрдемдесуге тиіс.

Наурыз мейрамы республика бойынша кезінде белгілі музыканттар мен шығармашылық ұжымдар гастролін, кәсіби орындаушылармен бірге фольклорлық халықтық ұжымдардың бірлесе өнер көрсетуін ұйымдастырып, күллі іс-шаралардың мерекелік көңіл-күйін сақтау маңызды. Күллі концерттік алаңдарда ел халқының ұлттық мәдениетін насихаттауды оның сан алуандығын көрсетумен қоса жүргізу ұсынылады.

Жаңару және табиғатпен үндестік идеясы.

Ежелгі дәстүрлер мен бүгінгі шынайы өмір бір жағынан жастардың бойында қоршаған ортаға жауапкершілік сезімді тәрбиелейді. Екінші жағынан, сабақтастық принципін сақтай отырып, халықтың егде бөлігі тәсілдері арқылы Наурыздың игі дәстүрлерін елдің жас ұрпағына табыстайды.

Баршаға мәлім, Наурызды мерекелеу таңды дәстүрлі түрде қарсы алудан, "Бұлақ көрсең көзін аш" деген ежелгі салт-жорадан басталған. Таңды қарсы ала тұрып, бүкіл ересек адамдар, жастар мен балалар қолдарына күрек, кетпен алып, келісілген жерге - бұлақ басына немесе арық жағасына жиналып, оны тазартқан. Содан кейін бәрі бірге құрметті ақсақалдардың басшылығымен ағаштар отырғызумен айналысқан.

Наурыз мейрамын мерекелеу күндерінде қалыптасқан дәстүрді жалғастыра отырып, "Артында мал қалғанша, тал қалсын", "Бір тал кессең, он тал ек" қағидасы аясында шаралар өткізуге болады. Осы тақырып бойынша іс-шаралар жүргізудің негізгі нысандары елді мекендерде және қалаларда, еңбек ұжымдарында аулаларды, көшелерді, саябақтарды, алаңдарды, гүлзарларды және тағы сол сияқтыларды тазалау Аптасын немесе Онкүндігін өткізу болуы мүмкін. Ағаштар мен жасыл екпелерді отырғызу, жаңа саябақтар мен гүлбақтар жасау.

Балабақша тәрбиеленушілері, мектеп оқушылары, студенттер үшін саябақтарға

танымдық экскурсиялар, республиканың белгілі табиғат қорғау аймақтарына сапарлар ұйымдастыру, өңірдің өсімдіктерімен және аң-құстарымен таныстыру Наурыз мейрамын мерекелеудің құрамдас бөлігі бола алады. Жоғары және орта оқу орындарында қоршаған ортаны қорғау проблемалары жөнінде дәрістер оқу да оқушыларды өз өлкесіне, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеуге көмектеседі.

Мұқтаждарға риясыз көмек көрсету идеясы. Қайырымдылық шараларды да ізгілік пен бірлік идеялары сияқты Наурыздың тандаулы ізгілік идеяларын қайта жаңғырту мен сақтауға қызмет етеді.

Бұл бағыттағы іс-шаралар нысандарының бірі мұқтаждарға күллі халық болып риясыз көмектесетін асар болуы мүмкін. Қоғамның дәулетті адамдарының Наурыз мейрамы күндері балалар үйлеріне, интернаттарға, қарттар үйлеріне, қамқоршысы мен қорғаншысы жоқ отбасыларына қоғамның табысы төмен және басқа да мұқтаж мүшелеріне белсенді қайырымдылық көмек көрсетуіне болады. Республикалық және өңірлік деңгейде қайырымдылық шараларын (азық-түлік себептерін тарату, қайырымдылық түскі астарын ұйымдастыру, зейнеткерлер мен аз қамтылған отбасыларының балаларына тегін медициналық қызмет көрсету және басқа да көптеген шараларды) ұйымдастыру әрі күллі қалталы азаматтарды оған қатысуға шақыру мақсатқа сай болмақ.

Халықтық дәстүрлер мен рухани құндылықтарды сақтау идеясы

Наурыз мейрамы күндері адамдардың жадында адамзат тарихы туралы ежелгі аңыздарды, табиғат пен адамның өзара қарым-қатынасын, қазақ халқы мәдениетінің өзіндік болмысын құрметтеу және сақтауды қайта жаңғырта отырып театрланған көріністер ұйымдастырған жөн.

Тойлау бағдарламасына қолөнер туындыларының халықтық көрмелерін қосуға болады. Көрмеге қолданбалы өнер шеберлігін игерген оралмандарды тартқан дұрыс.

Сонымен қатар, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын көрсететін Қазақстанның басқа да халықтарының қолданбалы өнер өкілдерінің үздік жұмыстары қойылған осындай көрмелер ұйымдастыруға болады. Осы іс-шаралар қазақстандық полиэтностық мәдениеттің өзіндік болмысын көрсетеді және қолданбалы қолөнер кәсібінің жоғары шеберлігін дамытуға жағдай жасайтын болады.

Мерекені ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қолдау

Наурыз мейрамын мерекелеу күндерінде орталық және Жергілікті мемлекеттік органдар бұқаралық ақпарат құралдарын өз іс-шараларының халықтың әлеуметтік топтарының басым көпшілігі үшін танымдық және қызықты болатын маңызды бөлігіне бағыттағаны жөн. Өңірлер арасында телекөпірлер жүргізудің, телемарафондар мен тақырыптық бағдарламалардың, ақпаратты берудің басқа нысандарының да Наурыз идеясын насихаттауда маңызы зор.

Ұйымдастыру ресурстары

Мерекені ұйымдастыру мен өткізуге Қазақстан халқы Ассамблеясын, үкіметтік емес ұйымдарды, ғылым, мәдениет және өнер қайраткерлерін тартқан жөн.

Наурыз мейрамын ұйымдастыру және өткізу кезінде мыналарды көздеген жөн: отандық және шетелдік ірі қаржы-өнеркәсіптік компанияларының қайырымдылық акцияларын (балалар үйлеріне, интернаттарға, балалардың білім беру және медициналық Мекемелеріне, қарттар үйлеріне көмек беру, апта, онкүндік, ай ішінде зейнеткерлерге және халықтың жекелеген санаттарына тегін медициналық, көлік және коммуналдық қызметтер көрсету және т.с.с.); қайырымдылық лотереяларының ұтыс ойындары және аукциондар өткізу, балалар үйлері мен қарттар үйлері үшін бірінші қажеттегі заттарды төмендетілген бағамен сату. Жиналған қаржы балалар үйлеріне, қарттар үйлеріне, мектептерге, интернаттарға және басқаларға беріледі.

Наурыз мейрамын тойлаудың қазіргі қазақстандық қоғамда қалыптасқан дәстүрлі нысандарын, оларға неғұрлым ауқымды сипат беріп әрі оларға қатысуға халықтың көпшілік бөлігін тарта отырып, тұтастай алғанда сақтауға болады.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ МЕРЕКЕСІ

Тарихи қазақ жерінде ғасырлар бойы әртүрлі мәдениетті, дінді және салт-дәстүрлі халықтардың тағдырлары тоғысты.

Екі өркениеттің тоғысында орналасқан бұл берекелі жер Батыс пен Шығысты, христиандар мен мұсылмандарды жалғай отырып, барлық уақытта да әртүрлі халықтардың, мәдениеттер мен діндердің байланыстырушы буыны болып келді. Бүгінде қазіргі этносаяси үрдістер жағдайында Қазақстан ерекше миссияны - Еуразия құрлығында бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ету мақсатында халықтарды біріктіруге талаптанып отыр.

Тәуелсіздігімізді алған сәттен бастап тұрақтылықты, азаматтық татулық пен келісімді нығайту мемлекеттің ішкі саясатының негізқалаушы принциптеріне айналды.

Ол үшін бүгінде Қазақстанда тиісті нормативтік-құқықтық база мен оны жүзеге асырудың тиімді тетіктері әзірленген. Мәдениетаралық диалогқа қол жеткізудің қазақстандық моделі жасалған. Этносаралық келісімді қамтамасыз ету басымдықтары Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясында, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сәйкестілігін қалыптастыру тұжырымдамасында көрсетілген.

Этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік басымдықтарды жүзеге асыру мақсатында Тілдерді дамыту мен қолданудың 2001 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейтудің, оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың 2007 - 2010 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының қысқа мерзімді (2011 жылға дейінгі) кезеңге арналған стратегиясы және басқа да құжаттар қабылданды.

Еліміздің Конституциясы этностық, нәсілдік, діни және өзге де жағдайларына карамастан барша азаматтардың мүдделерінің қорғалуына кепілдік береді. Негізгі

Заңның нормалары қоғамдағы сенім мен өзара сыйластық негіздерін қалыптастырды.

Мемлекеттің этносаралық қатынастар саласындағы қызметінің маңызды бағыттарының бірі теңдестірілген тіл саясатын жүргізу болды. Еліміздің азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеруінің табиғи процесі жүріп жатыр. Мәдени әралуандылық Қазақстан халқының бірлігін нығайтушы фактор болып отыр.

Қазақстанның саяси жаңалығы нәтижесінде аяғынан нық тұрған айрықша институт - Қазақстан халықтарының Ассамблеясы жұмыс істейді. Ол мемлекеттік ұлттық бірлік саясатының сенімді тірегі бола отырып, этносаралық және конфессияаралық келісімнің басты тетігі ретінде тұрақтылықты нығайтуда маңызды рөл атқарады. Ел дамуының жаңа міндеттері аясында бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметіндегі жаңа басымдықтар айқындалды - халықтың бірлігін, азаматтылығын, мемлекеттік тілді нығайту, патриотизмді тәрбиелеу.

Этносаралық келісімнің қазақстандық моделі халықаралық деңгейде мойындалды. Қазақстан халқы Ассамблеясы делегациясының әлемнің жетекші елдеріне сапары барысында ұлт көшбасшысы мен Қазақстанның бітімгерлік әлеуеті жоғары халықаралық бағасын алды.

Қазақстандағы құрылып жатқан білімдік және мәдени тілдік орта, ақпараттық-мәдени объектілер: Достық үйлерінің, ұлттық театрлардың, мұражайлардың, БАҚ-тардың болуы мемлекеттің мәдени әлеуетінің дамуына өз үлесін қосады.

1 мамырда барша Қазақстан халқы Қазақстан халқының бірлігі мерекесін атап етеді. Мереке орасан біріктіруші идеологиялық салмаққа ие, халқымыздың рухани бірлігінің, мәдениетіміздің әралуандығы мен өзара баюын бейнелейді.

Мерекенің **мақсаты** - тұрақтылық пен этносаралық келісімді нығайту, мәдениетаралық үндесудің қазақстандық моделінің жетістіктерін көрсетеді.

Мерекенің міндеттері:

тұрақтылық пен азаматтық татулыққа қол жеткізудің негізқалаушы факторлары ретіндегі мемлекет құраушы ұлттың біріктіруші рөлі, достық пен этносаралық келісім, қазақстандық патриотизм негізінде халықтың бірлігі, ізгілік, татулық пен келісім идеяларын насихаттау;

қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын, этностық топтардың салт-дәстүрлері мен мәдениетін сақтау және дамыту, олардың әрі қарай өзара баюы, солардың негізінде өскелең ұрпақтың дүниетанымындағы жалпыадамзаттық құндылықтарды тәрбиелеу;

мемлекеттің мәдениетаралық үндестік саласындағы жетістіктерін насихаттау, оның басымдықтары саяси және азаматтық бірлікке, мемлекеттің және біртұтас Қазақстан халқы ұғымының негізін құрайтын әртүрлі этностық топтар азаматтарының мүдделері мен тағдырларының ортақтығына ұмтылу болып табылады;

қазақстан халқының болмысын айқындайтын жалпыадамзаттық құндылықтарды - ізгілікті, өзара сыйластықты, ұрпақтар сабақтастығын, қонақжайлылық пен төзімділікті

қ а л ы п т а с т ы р у д ы

н ы ғ а й т у .

Мерекенің идеялық-көркемдік мазмұны

Мерекенің басты басымдықтары - идеялық бағыттылық, іс-шаралардың бұқаралық түрлері мен олардың халықтық сипаты.

Мерекенің идеологиясын мемлекеттік этносаралық қатынастар саласындағы басымдықтары тұрғысынан қарау қажет. Мерекелік іс-шаралардың идеялық мазмұнын ел Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында белгіленген міндеттерді насихаттауға бағыттаған жөн. Мереке тұжырымдамасының негізінде бейбітшілік пен келісімді сақтау идеологиясын нығайту, дағдарысқа қарсы мемлекеттік шараларды түсіндіру, азаматтардың оптимизмін, халықтың бірлігін сақтау жағдайында дағдарысты еңсеру мүмкін екендігіне сенімділік сезімін нығайту.

Халықтың бірлігі, жалпыадамзаттық құндылықтар, ізгілік пен қарым-қатынас мәдениеті идеялары мерекенің негізгі арқауы болып табылады.

Мереке күнінің іс-шараларын мемлекеттің этносаралық қатынастар саласындағы жетістіктерін насихаттауға бағыттаған жөн. Мемлекеттік мерекенің негізгі идеяларының бірі - барлық этностарды бірегей тарихи-мәдени мұра мен рухани байлыққа ие мемлекет құраушы ұлт ретіндегі қазақ халқының айналасына біріктіруді

қ а м т а с ы з

е т у .

Айрықша ерекшеліктері - жылдың көктемгі (жылы) кезеңі және мерекеге қатысудың бұқаралық сипаты. Бұл іс-шараларды жабық үй-жайларда емес, көшелерде, алаңдарда, стадиондарда, саябақтарда, демалыс аймақтарында өткізуге жағдай жасайды

Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі шеңберінде республикада мына бағыттағы іс-шаралар өткізу ұсынылады:

қоғамдық-саяси сипаттағы - тұрақтылықты, қоғамдағы татулық пен келісімді нығайтуға үлес қосқан Қазақстан жұртшылығы, этномәдени бірлестіктер өкілдеріне наградалар тапсыра отырып салтанатты жиналыстар, ғылыми-қолданбалы конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да қоғамдық-саяси іс - ш а р а л а р ө т к і з у ;

мәдени-көпшілік сипаттағы - Қазақстан халқы фестивалын, шығармашылық топтардың, көркемөнерпаздар ұжымдарының қатысуымен концерттер, этномәдени бірлестіктердің қатысуымен спорттық және мәдени іс-шаралар өткізу.

Осы Ұсынымдар негізінде уәкілетті мемлекеттік (орталық және жергілікті) органдар мерекеге дайындық пен оны өткізу жоспарларын әзірлеп, іс-шаралар нысандары мен оны өткізу орындарын анықтағаны жөн.

Мерекеге дайындық пен оны өткізу кезінде маңызды шарт жағымды аура, сенім мен өзара сыйластық, еркіндік және мәжбүрlemeушілік атмосферасын жасау, Қазақстан халқының ұлттық киімін, салт-дәстүрлері мен ұлттық тағамдарын көрсету болуға тиіс.

Ақпараттық-насихаттық жұмысты ұйымдастыру кезінде барлық деңгейдегі

мемлекеттік органдар басшылары іс-шаралар Мемлекет басшысының Қазақстан халқына үндеуі аясында жоспарлағаны жөн. Бейбітшілік пен келісімді, азаматтардың әлеуметтік оптимизмін, болашаққа сенімділік сезімін нығайтуға назар аудару қажет.

Қазақстан халқының бірлігі күнінің эмблемасы мен нышаны өз мазмұны бойынша басты идеяға - бейбітшілік пен келісім салтанатының идеясына жауап береді.

Мерекенің эмблемасын әзірлеу кезінде Қазақстан халқы Ассамблеясы логотипінің кейбір элементтерін пайдалану қажет. Бұл ретте түр-түстің үйлесімі сенім мен достықты бейнелейтін жасыл, көгілдір, ашық-күлгін, қызғылт-ақшыл көк түстерді п а й д а л а н ғ а н ж ө н .

Салтанатты іс-шаралар кезінде қоғамды біріктіруші және мемлекеттік дүниетанымды тәрбиелеуші фактор ретіндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік р ә м і з д е р і н п а й д а л а н у қ а ж е т .

Мерекені ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қолдау

Халықтың бірлігі мерекесі аясында мерекелік іс-шараларды ақпараттық қамтамасыз ету үшін мемлекеттік ақпараттық тапсырыс шеңберінде жұмыс істейтін электрондық және баспа БАҚ-тардың әлеуетін барынша пайдаланған дұрыс.

БАҚ-тарда Қазақстан халқы Ассамблеясының, шығармашылық зиялылар өкілдерінің ақпараттық-талдау бағдарламаларында сөз сөйлеуін көздеу, этносаралық келісім тақырыбы бойынша газеттердің, журналдардың тақырыптық нөмірлерін, арнайы телерадио бағдарламаларын шығару керек.

Тақырыптық кітаптар шығаруды, жарнамалық-көрнекілік және ақпараттық өнімдер дайындау мен орнатуды ұйымдастырған дұрыс.

Ұйымдастыру ресурстары

Қазақстан халқының бірлігі мерекесін тойлауға арналған іс-шаралардың бірыңғай идеялық-саяси мазмұнын қамтамасыз ету мақсатында орталық және жергілікті атқарушы органдардың іс-қимылын үйлестіру қажет.

Мерекенің өңірлердегі басты ұйымдастырушылары жұртшылықты, танымал мәдениет, ғылым қайраткерлерін, Қазақстан халқы Ассамблеясы, этномәдени бірлестіктер, қоғамдық бірлестіктер, БАҚ өкілдерін тарта отырып Астана мен Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, орталық деңгейде - Мәдениет және ақпарат министрлігі болуға тиіс.

ЖЕҢІС КҮНІ

Қазақстан жерінде Ұлы Отан соғысының шайқастары өткен жоқ. Алайда оның барлық кезеңдеріндегі оқиғалар біздің республикамызбен аса тығыз байланысты болды . Қас дұшпанды күйретуге біздің миллиондаған отандастарымыз өздерінің жауынгерлік ж ә н е е ң б е к ү л е с т е р і н қ о с т ы .

Тарих сабақтары бізге өткен жолды бағалау үшін ғана емес, болашаққа қадам басудың сенімді бағдарларын таңдау үшін де маңызды.

Ұлы Отан соғысындағы жеңіс адамдардың рухын асқақтатты.

Осыған байланысты мерекенің қоғамдық пікір үшін сақталып отырған мәнін ескере отырып, оның нысаны мен идеологиялық мазмұнын біршама түзету ұсынылады. Бұл
м а қ с а т т а :

гуманизм мен бейбітшілікті сақтау жолында адамзаттың фашизмді жеңуінің жалпы адами маңыздылығы, соғыс пен зорлық-зомбылықтың кез келген көрінісін қабылдауға болмайтындығы жағына баса көңіл бөле отырып, мерекенің идеологиялық мазмұнын
к е ң е й т у ;

интеграциялану идеясын елдің ұлттық қауіпсіздігінің, Қазақстанның күллі халықтары ұрпақтарының бірлігі мен сабақтастығын нығайту факторы ретінде насихаттай отырып, мерекенің отансүйгіштік бағыттылығын күшейту, Ұлы Отан соғысындағы жеңіске қомақты үлес қосушы ретінде республиканың тарихи жағымды бейнесін
қ а л ы п т а с т ы р у о р ы н д ы б о л м а қ .

Негізгі **мақсат** — Ұлы Отан соғысындағы халықтың өшпес ерлігіне құрмет көрсету. Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыстың жеңіспен аяқталуын ұрпақтар жадында қастерлеп сақтау. Халықтың теңдессіз ерлігі мен жанқиярлығын насихаттау, фашизмге қарсы күрес жолындағы ұлы жеңістегі қазақстандықтардың қосқан теңдессіз үлесін
б а ғ а л а у .

М і н д е т т е р і :

жеңіс жолындағы ортақ күш-жігер мен құрбандықтар туралы тарихи жадымыздың негізінде
Қ а з а қ с т а н х а л қ ы н т о п т а с т ы р у ;

Ұлы Отан соғысы туралы тарихи шындықты; орасан зор құрбандықтармен келген жеңісті қамтамасыз еткен халықтың ролін; Қазақстан халқының ортақ тарихи құндылықтарға
д е г е н ж а н а ш ы р қ а р ы м - қ а т ы н а с ы н н а с ы х а т т а у ;

жас ұрпақты патриотизмге, Отан қорғауға дайын болуға және ұрпақтар бойында тарихи
с а б а қ т а с т ы қ т ы ж е т е т ү с і н у г е т ә р б и е л е у ;

төзімділік, ашықтық, әлемнің күллі мемлекеттерімен сыйластық тату көршілік қарым-қатынастар
с е з і м і н қ а л ы п т а с т ы р у ;

проблемалар алдында рухтың күштілігін, ержүректілікті, өзіндік тәртіпті, тізе қосуды,
ө з а р а к ө м е к т і , т а б а н д ы л ы қ т ы н а с ы х а т т а у ;

соғыс және еңбек ардагерлеріне, Ауған соғысына қатысушы жауынгерлердің және әскери борышын өтеу кезінде қаза тапқан немесе зардап шеккен әскери қызметшілердің
о т б а с ы н а к ө м е к к ө р с е т у ;

жастарды мерзімді әскери қызметке шақыру іс-шараларына идеологиялық тұрғыдан
қ о л д а у к ө р с е т у .

Мерекенің эмблемасы мен нышанын әзірлеген кезде ардагерлер мен жастарға жақын қазіргі таңдағы қазақстандық тақырыпты ескере отырып, Ұлы Отан соғысының кеңінен белгілі нышанының элементтерін пайдаланған жөн. Мерекенің түр-түстік шешімін шие түсті, қызыл, қызғылт сары, алтын реңктеріне және қоңыр сары түстерге
н е г і з д е у г е б о л а д ы .

Тарихи компоненттің Қазақстанның қазіргі заманғы мемлекеттік және ұлттық нышанымен үйлесуін де ескерген жөн. Мерекенің идеялық-көркемдік мазмұны Негізгі идеялық желілер :

Оған үшін қаза болғандарды жадымызда сақтау, ардагерлерге құрмет көрсету сезімі ;

Отанды қорғау борышының қасиеттілігі мен ұрпақтардың тарихи сабақтастығы; гуманизмнің салтанат құруы жолында адамзаттың фашизмді жеңуі ретіндегі мерекенің жалпыгуманистік қыры; бейбітшілікті сақтаудың маңызы және соғыстың, зорлық-зомбылықтың, экстремизм мен ксенофобияның кез-келген көріністерін қабылдауға болмайтындығы.

Мерекені ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қолдау

Мерекенің ақпараттық қамтамасыз етілуі, бір жағынан, соғыстың аңызға айналған оқиғаларын жадыда сақтауға бағытталған тарихи қырын, екінші жағынан Қазақстан әскеріндегі қызметтің ерлік салтын, республиканың тәуелсіздігін қорғау қажеттігін, қазақстандық патриотизмді насихаттауды білдіреді.

Жағымды әсерді күшейте түсу үшін әскери шерулер өткізу, мерекелік отшашулар беру, ескерткіштер мен мемориалдарға гүл шоқтарын қою рәсімін әскери салтанатпен өткізу, теледидар арналары арқылы ардагерлердің қатысуымен өткен іс-шараларды тарату орынды болмақ.

Сондай-ақ қоғамдағы тұрақтылық пен қазақстандықтардың бейбіт өмір сүруіне баса көңіл бөлу қажет.

Ұйымдастыру ресурстары: әкімдіктер, Қорғаныс министрлігі, әскери комиссариаттар; Запастағы әскери қызметшілер одағы, ардагерлердің, ауған соғысына қатысушы жауынгерлердің одақтары, Сарбаз аналарының одағы; Қазақстан халқының Ассамблеясы, ұлттық-мәдени орталықтар; үкіметтік емес ұйымдар, қайырымдылық қорлары, БАҚ.

ЕЛОРДА КҮНІ

Елорда күні - мемлекеттік тәуелсіздікті алғанымызға және жаңа елорданы еліміздің географиялық орталығына көшіруіне байланысты, Қазақстанның жаңа тарихи бедерінде қазақстан халқының жетістігін айшықтауға шақырған, қазақстандықтар үшін тарихи-мәдени мәні бар мемлекеттік мереке.

Қазақстан Республикасының Елорда күні 6 шілдеде аталып өтіледі. Дәл осы күні 1994 жылы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» қаулысы қабылданды.

1997 жылғы 20 қазанда Мемлекет басшысы «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлыққа қол қойды.

Бұл шешім қаланың ірі көлік жолдарының қиылысында, елдің орталығында орналасқан тиімді геосаяси жағдайынан, көлік және телекоммуникациялық инфрақұрылымдардың, елорданы дамыту үшін бос жатқан жерлердің болуынан

туындады. 319 мың халқы бар қала еліміздің жаңа елордасы болды. 1997 жылы қаланың аумағы 258 шаршы шақырымды құраса, бүгінгі күні Астана 710,2 шаршы шақырымды алып жатыр.

Елорданы көшіру туралы шешім қала мен бүкіл елдің тағдырын өзгерткен айрықша қадам болды. Кеңес Одағы тарағаннан кейін кәсіпорындар бірінен кейін бірі тоқтап, жұмысшылар мен қызметшілердің ауқымды көлемі жаңа нарықты жағдайдағы өмір сүру тәжірибесіне енді-енді үйреніп жатқан тұста, бұл ұйғарым көптеген айтыс-талас т ұ ғ ы з д ы .

Алайда, жаңа елорданың алғашқы он жылының өзі осы шешімнің арқасында Қазақстан картасында күллі ел мақтан етіп, әлем таңдай қаққан қала пайда болғанын іс ж ү з і н е т а н ы т т ы .

Қазақстанның жаңа елордасының бейнесінде терең саяси, рухани және тіпті пәлсапалық мән жатыр. Бұл тек жарқын заманауи мегаполис қана емес. Бұл біздің мемлекетіміздің өмірге келуінің, жаңарудың және Қазақстан халқының терең де шынайы рухқа ие болуының символы. Астана қазақстандықтардың барлық буынының арманын, үміті мен болашағын байланыстырған қалаға айналды.

1998 жылғы 6 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Ақмоланың атауы Астана деп өзгертілді. 1998 жылы ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша Қазақстан елордасына «Бейбітшілік қаласы» деген жоғары атақ беріліп, медальмен марапаттады. Бүгінде Астана - қазіргі заманның саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени проблемалары бойынша әртүрлі кездесулер өтетін, ең көп шетелдік инвестициялар тартылатын, сәулеттік ғаламаттар бой түзейтін және ең батыл жобалар жүзеге асатын еуразия кеңістігінің орталығы.

Елорда күнін мерекелеудің мақсаты қоғамда жаңа Қазақстанның саяси салтанатының нышаны ретіндегі Астананың бейнесін қалыптастыру, адамдардың санасында Астананың елордалық имиджін орнықтыру, елорданың рухани, экономикалық және әлеуметтік әлеуетін көрсету.

М і н д е т т е р :

жаңа елорданың өмірге келу мен қалыптасуына байланысты Қазақстанның жетістігін кең түрде насихаттау;

Астананың елорда мәртебесінде даму стратегиясының тиімділігі мен нәтижелігін көрсету ;

елорданы әлем елордаларының ішіндегі ең көрікті және жайлы астаналардың бірі, біздің мемлекетіміздің экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерінің нышаны р е т і н д е көрсету ;

елорданың демократиялық мемлекет құрудағы рөлін және ел өміріндегі стратегиялық маңыздылығын көрсету ;

жаңа елорданың бейнесі арқылы азаматтардың елдің болашағын салуға қ а т ы с т ы л ы ғ ы н с е з і н д і р у ;

елорда тұрғындарының бойында мақтаныш сезімі мен өз қаласына деген шынайы сүйіспеншілікті тәрбиелеу.

Мерекенің **эмблемасы мен нышаны** өзінің мазмұны бойынша басты идея - тәуелсіз және егеменді Қазақстанның жаңа елордасының салтанат құру идеясына жауап беруі тиіс.

Қазіргі уақытта бүгінгі заманғы Қазақстанның даму векторының бейнесін, қала таңбасы болып табылатын, өзіне қаланың да, елдің де нышанын тоғыстырған елорданың жаңа гербі кеңінен қолданылуда. Сонымен қатар, біздің жасампаз дамуымыз бен ертеңге деген сеніміміз туралы қазақстандықтарға біртұтас пайым қалыптастырушы «Астана күні» нышанын пайдаланған орынды.

Мерекенің идеялық-көркемдік мазмұны

Қала күні - тек Астананың ғана емес, барша елдің дамуына жаңа серпін беруге тиіс жалпы ұлттық іс-шара.

Елорда күніне мерекелік іс-шараларды әзірлеу және ұйымдастыру кезінде мынадай принциптер мен идеологиялық басымдықтарды іске асыруды қамтамасыз еткен жөн.

«Астана - бұл жаңа, серпінді Дамушы Қазақстанның көрінісі, жаңғырудың нышаны, біздің республикамыздың тәуелсіздігінің нышаны» тезисі мерекелік іс-шаралардың басты идеясы болып табылады.

Мереке қарсаңында мемлекеттік қызметшілердің, әскерилердің ант қабылдауы, мемлекеттік награда мен сыйлықтарды табыс ету және т.б. ең маңызды идеологиялық іс-шараларды өткізу ұсынылады.

Астана қаласы әкімінің сөйлейтін сөзінде жыл қорытындысын шығару, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының, инфрақұрылымның, энергетикалық сектор мен коммуналдық шаруашылықтың дамуының негізгі көрсеткіштерін, қаланың болашақтағы даму бағытының басымдықтарын қамту ұсынылады.

Өндірістік және әлеуметтік-мәдени нысандарды пайдалануға беруді осы мерекеге орайластыру орынды болады.

Қала аумағын абаттандырып, елорданы мерекеге сай безендіріп, автомобиль жолдарын салу мен жөндеуді, көшелерді жарықтандыруды қамтамасыз еткен жөн.

Елорда күнінің мерекелік іс-шаралары мерекелеуді салтанатты ашуды идеологиялық іс-шараларды, айтыс, көшпенді өркениет, шебер-виртуоздардың орындауындағы түркі музыкасының фестивалдерін, отандық және әлемдік эстрада жұлдыздарының концерттерін, мерекелік от шашу, әр түрлі көрмелер мен қойылымдар, елорда және оның адамдары туралы фильмдердің, кітаптардың, әндердің тұсаукесерлерін және т.б. көздейді.

Мерекелік сөйіл, шерулер, жәрмеңкелер, әлеуметтік-экономикалық және мәдени сипаттағы акциялар елорданың жеңісі мен табысын көрсетуі тиіс. Жаппай қыдыратын орындарда, бақтар мен скверлерде, қоғамдық мекемелерде танымал отандық композиторлардың Қазақстанға, оның елордасына арналған ән-әуездерін әуелетуге

б о л а д ы .

Мерекені ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қолдау:

Елорда күнін мерекелеу шеңберінде теле- және радиохабарларда, газеттер мен журналдардың беттерінде, қала тарихын жаңа елорда болып қалыптасу кезеңін кеңінен көрсеткен жөн ;

Сонымен бірге, мемлекеттік теле- және радио арналарда Елорда күніне арналған мерекелік бағдарламалар, телевикториналар, мерекенің жаңалықтар күнделігі, арнайы репортаждар, тақырыптық телевизиялық хабарлар ұйымдастыруға болады.

Ұйымдық ресурстары Астана қаласының әкімдігі, облыстар мен Алматы қаласының әкімдіктері. Мәдениет және ақпарат министрлігі, қоғамдық-саяси партиялар мен қозғалыстар, мемлекеттік емес ұйымдар және т.б. болуы тиіс.

КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

Республиканың Негізгі заңы тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық және мемлекеттік құрылысының іргелі принциптерін бекітіп берді.

Ел Конституциясының басты міндеті - тұрақтылықты нығайтуда, халықтың әл-аухатын көтеруде және демократияны дамытуда. Республика Конституциясы халықтың бірлігін нығайтты, Қазақстан жерінде ортақ тарихи тағдырмен байланысқан әртүрлі этностың топтардың адамдарын біріктірді.

Жаңа Конституция әлеуметтік бағдар ұстанған нарықтық экономикасы бар мемлекет құруға және жүйелі демократиялық өзгерістер жүргізуге арналған құқықтық і р г е т а с қ а а й н а л д ы .

Экономиканың өсуі арқасында азаматтардың заңда белгіленген көлемдегі тегін медициналық көмек алу конституциялық құқығы табысты іске асып келеді.

Конституция мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға кепілдік берген және мемлекет оны толық көлемде қамтамасыз етуде.

Конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға да кепілдік берілген. Бұл ретте жоғары білім саласында мемлекеттік қаржыландыру көлемі артып келеді.

Қарқынды экономикалық өсім әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Мемлекет жыл сайын зейнетақы мен әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін көтере отырып, оны шешіп келеді.

Қазақстан қоғамында демократиялық саяси жүйенің іргетасы қаланған. Демократияның базалық принципі - биліктің айқын тежемелік және тепе-теңдік тетікті үш тармаққа - заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуі тиімді іске асып келеді. Демократияның маңызды институты - парламентаризм дамуда. Кәсіби қос палаталы Парламент жұмыс істейді, онда көптеген мүдделердің өкілдігі қамтамасыз е т і л г е н .

Сот-құқықтық салада Жоғары Сот Кеңесі, Жоғары Соттың жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет жұмыс істейді. Соттағы тәртіпті сот приставтары қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Ел тәуелсіздігінің басты жетістігі Конституциядағы бекітілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары болып табылады, олар халықаралық стандарттарға сәйкестендірілген.

Негізгі заңға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады және олардан ешкім айыра алмайды, құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады. Конституция бойынша заң шығарушылар заңдарды қабылдаған кезде бірінші кезекте осы норманы ескеруі және басты назарға адам құқығын қоюы тиіс.

Қазақстан азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы негізқалаушы халықаралық пактілерге қосылды. Өлім жазасына мораторий енгізілді.

Омбудсмен институтын құру және оның өкілеттіліктерін кеңейту адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің институционалдық кепілдіктерін нығайтты.

Конституцияның арқасында Қазақстан әлем қауымдастығының толыққанды мүшесіне айналды. Әлемдік аренада Қазақстанды байсалды және алдын ала болжауға болатын іскер әріптес ретінде қабылдайды. Біздің еліміз барлық мемлекеттер үшін ашық, олармен сындарлы қарым-қатынас құруға ұмтылады.

2007 жылғы конституциялық реформаға сәйкес негізгі қоғамдық-саяси институттарды және олардың даму болашағын түсінуде жаңа тұғырлы қағидаттар анықталды. Елдің Конституциясына енгізілген бірқатар өзгерістер мен толықтырулар мемлекеттік биліктің мәнін, мемлекет міндетінің мазмұнын жаңаша түсіндіруге, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың өзара қатынасы принциптерін анықтауға, мемлекеттік маңызды міндеттерді шешуде қоғамның азаматтық институттарын кеңінен тартып, қоғамдық қатынастарды өзгертуге барабар заңдық нормаларды бекітуге мүмкіндік берді.

Конституцияны қатаң сақтау - бұл мемлекеттің сәтті дамуы мен қоғамдағы азаматтық келісімнің, демек, Отанымыздың сәтті болашағының негізі.

Қазақстан Республикасының Конституциясы күнін мерекелеудің мақсаттары мыналар болып табылады: қоғамдық санада Конституция күнінің маңыздылығын сезінуді арттыру; жоғары заңдық күшке ие, мемлекеттің қолданыстағы құқығының көзі Конституцияға жұртшылықтың назарын аудару; қоғамда елдің Негізгі заңын құрметтеу дәстүрін нығайтып, өскелең ұрпақты конституциялық құрылымды құрметтеу рухында тәрбиелеу.

М і н д е т т е р і :

Конституцияның Қазақстанда демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғам құрудағы рөлі мен маңызын жария ету;

Қазақстанның демократиялық құқықтық мемлекет құрудағы жетістігін насихаттау; ұлтаралық келісімді сақтау және нығайту, көпұлтты Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз ету;

Конституцияның мәтінін білуге деген ынтаны және оның нормаларын күнделікті өмірде қолдануды қалыптастыру;
азаматтардың Қазақстандағы қоғамдық қатынастарды реформалауға қатыстылығын, белсенді азаматтық тұғырын сезінуі;
патриотизм мен өз елі үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу;
мемлекеттік қызметшілердің өз еңбегінің нәтижелері үшін қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыру;
қоғам мен мемлекеттің мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етуші азаматтарды көтермелеу;

серпінді дамушы халықаралық аренада беделді мемлекет ретінде тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы елдің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың рөліне назар аударту.

Мерекенің **эмблемасы мен нышаны** өзінің мазмұны жағынан басты идеяға - заңның қоғам өмірінде салтанат құру идеясына жауап береді, әрі ол мемлекеттік нышан мен Конституция мәтінінің элементтеріне негізделеді. Бұл орайда қазақтың заң шығарушылық тарихымен, ұлттық заңнаманың қалыптасу процесімен қатар желілер жүргізіп, Конституцияны қабылдаудың маңызын көрсеткен жөн.

Конституция күнінің нышаны ретінде «Қазақ елі» монументінің бейнесі пайдаланылуы мүмкін. Барельефтің орталық фронтонында тәуелсіз мемлекетте заң билігінің үстемдігін танытатын, Конституцияға қолын қойып, ант қабылдап тұрған Мемлекет басшысының бейнесі орналасқан.

Мерекенің түстер жиынтығы көгілдір, көк, қара көк және ашық сары түстен тұрады.

Мерекенің идеялық-көркемдік мазмұны

Бүкіл салтанатты іс-шаралардың басты идеясы - 1995 жылы референдумда халық қабылдаған Конституция мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесінің, бүгінгі заманғы және демократиялық саяси жүйенің негізін құрғаны, азаматтардың барлық конституциялық құқықтары мен бостандығын қамтамасыз еткендігі; Елдің Негізгі заңы еліміздің бұдан әрі дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті әлеуетке ие екендігі туралы қоғамдық пікірде тезис қалыптастыру.

Іс-шаралардың мазмұнындағы негізгі басымдықтары ретінде: құқықтық мәдениетті қалыптастыруды, мемлекеттің қызмет етуінің түбегейлі принципі ретінде заңның үстемдігін айқындау ұсынылады.

Конституция күніндегі негізгі іс-шаралар әскери парад, мерекелік шеру мен концерт болып табылады.

Әскери парад Қазақстанның әскери әлеуетін көрсетіп, елдегі патриотизм сезімін нығайтуға ықпал етуі тиіс.

Мерекелік шеру концерттік, шығармашылық ұжымдардың, этномәдени бірлестіктердің шеруінен, жастар мен еңбек ұжымдарының, аймақтық делегациялардың шеруінен тұруы мүмкін.

Мерекелік концертті Қазақстан эстрада жұлдыздарының, халық шығармашылығы ұжымдарының және т.с.с. қатысуымен өткізген жөн.

Республика аумағында мынадай іс-шараларды қарастыру ұсынылады:

Астана қаласындағы салтанатты іс-шараларды тікелей көрсету үшін Алматы қаласы мен облыс орталықтарының орталық алаңдарына дисплей (монитор) орнатып, мерекелік бұқаралық іс-шаралар өткізу;

қалалар мен аудандарда мерекелік шерулер, салтанатты жиналыстар және мерекелік концерттер, спорттық жарыстар өткізу;

Конституция ережелерін жүзеге асыруға елеулі үлес қосқан азаматтарды құрметтеу және көтермелеу;

бірінші рет мемлекеттік қызметке қабылданған мемлекеттік қызметшілердің ант қабылдауы;

әскери және оқу жаттығуларында айрықша көзге түскендерді көтермелей отырып, әскери бөлімшелер мен бөлімдерде салтанатты сап түзеу;

конституциялық құрылым мәселелері жөнінде ғылыми-практикалық конференциялар, «дөңгелек үстелдер» отырыстарын өткізу;

кітапханалар мен мұражайларда Конституция күніне арналған тақырыптық көрмелер мен экспозициялар ұйымдастыру;

саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің, ұлттық-мәдени орталықтардың өкілдерін мерекелік іс-шараларға қатысуға тарту.

Республикалық және өңірлік іс-шаралармен қатар Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерінде де Конституция күнін мерекелеуді қамтамасыз еткен жөн.

Мерекені ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қолдау:

БАҚ-та Конституция күніне арналған мақалалар жариялауды; теле- және радиобағдарларда, газеттер пен журналдар беттерінде мемлекеттік органдардың өткен кезең ішіндегі қызметін Конституция нормаларын іске асыру аясында жария етуді, мемлекеттің көрнекті саяси қайраткерлерінің, мемлекеттік органдардың жауапты басшыларының сөз сөйлеуін ұйымдастыруды;

Конституция мәтінін, сондай-ақ мереке тақырыбына сәйкес келетін омырауға тағатын белгілер, буклеттер, проспектілер мен басқа да материалдар шығару мен таратуды;

Қазақстанның конституциялық және мемлекеттік-құқықтық дамуының мәселелері, адам құқықтары жөнінде ғылыми-практикалық конференциялар, «дөңгелек үстелдер» отырыстарын, дәрістер өткізуді;

мемлекеттік теледидар мен радио арналарында Конституция күніне арналған мерекелік бағдарламалар, телевикториналар ұйымдастыруды, мерекелік іс-шараларды жария етуді;

кітапханаларда кітаптардың тақырыптық көрмелерін ұйымдастыру мен көпшілікке арналған дәрістер өткізуді;

оқу орындарында 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Конституциясы сабағын өткізуді көздейді.

Ұйымдастыру ресурстары Астана мен Алматы қалаларының, облыстардың әкімдіктері, Мәдениет және ақпарат, Әділет, Қорғаныс, Төтенше жағдайлар, Ішкі істер министрліктері, Конституциялық Кеңес, Республикалық ұлан, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, прокуратура органдары, саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар, құқық қорғаушы ұйымдар және т.б. болуы мүмкін.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ КҮНІ

Әлемнің көптеген елдерінде (АҚШ, Үндістан, Ресей, Польша және т.б.) мемлекеттік тәуелсіздікті жариялауға байланысты ұлттық мерекелер барынша маңызды болып танылған. Біздің елімізде мұндай мереке жыл сайын 16-17 желтоқсанда атап өтілетін Тәуелсіздік күні болып табылады. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылдады. Қазақстан тұңғыш рет әлем қауымдастығы мойындаған, заң тұрғысынан ресімделген тәуелсіз және демократиялық мемлекет мәртебесін алды.

Қазақстандықтар үшін бұл күн ел тарихындағы мүлде жаңа дәуірдің басталуының нышаны. Қазақстан алғаш рет халықаралық қатынастардың толыққанды субъектісіне айналды. Ел ішкі және сыртқы саясатын өзі айқындап, іске асырады. Мемлекет егемендігі біздің барша жетістіктеріміздің берік негізіне айналды.

Қазақстан өзінің тәуелсіз дамуы тарихының қысқа кезеңінде қоғам өмірінің әртүрлі салаларында ауқымды реформаларды сәтті жүзеге асырып жатқан қазіргі заманғы, әрекетке қабілетті мемлекетке айналды. Бүгінде біздің еліміз Орталық Азиядағы қауіпсіздікті нығайтудың неғұрлым маңызды құраушысы ретінде қарастырылады. Қазақстан ТМД елдері арасында оң өзгерістердің танылған көшбасшысы болып табылады. Мемлекеттің халықаралық аренадағы беделі барған сайын сезіліп келеді.

Қоғам мен мемлекет өміріндегі Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру ұлттық стратегиясын іске асыру аясындағы күтіліп отырған түбегейлі өзгерістер жағдайында Тәуелсіздік күні мерекесінің әлеуетін толық мөлшерде пайдаланған жөн.

Нарықтық экономиканы құруға байланысты құрылымдық-институционалдық реформалар жүргізу негізінен аяқталды. Қазақстан барынша қысқа мерзімде нарықтық қайта өзгерістердің берік заңнамалық «іргетасын» қалай алды.

Қазақстан экономикасы тәуелсіздік жылдары ішінде жеке меншікке және бәсекелестікті көтермелеуге негізделген дамудың сапалық жаңа үлгісіне ие болды.

Елде нарықтық экономика институттары құрылды, ішкі жалпы өнімнің 80 %-ы экономиканың жекеменшік секторында құрылады.

АҚШ және ЕО Қазақстанды ТМД елдерінің ішінде бірінші болып нарықтық экономикалы мемлекет ретінде мойындады.

Қазақстан демократиялық мемлекет құру жолында елеулі жетістіктерге қол жеткізді

Республиканың қол жеткізген табыстары көп жағдайда күшті президенттік билік институтының сақталуына байланысты.

Қазақстан Орталық Азияда алғашқылардың бірі болып биліктің заң шығарушы тармағын қоспалаталы Парламент арқылы құру практикасын енгізді. Біздің он тәжірибеміз қазір Орталық Азияның басқа елдерінде пайдаланылуда.

Қазақстанның саяси партиялары саяси өмірдің толыққанды мүшелеріне айналды. «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау партиялардың мәртебесін көтеруге және әлеуметтік базасын кеңейтуге жағдай жасады.

Парламент құрамында партиялық фракциялар жұмыс істейді. Республика мәслихаттарында партиялық негізде фракциялар құру белсенді жүріп жатыр.

Қазақстанда еркін демократиялық сайлаулар өтеді. 2005 және 2007 жылдардағы сайлаулар ЕҚЫҰ талаптарына барынша сәйкес жаңа сайлау заңнамасының негізінде өттi.

Үкіметтік емес ұйымдардың тармақталған жүйелерін қалыптастыру мен нығайту азаматтық қоғамның қалыптасуының және әлеуметтік мүдделердің әр алуандығының күәсі болып табылады.

Қазақстанда БАҚ қызметі саласында түбегейлі өзгерістер жасалды. Олардың даму қарқыны жағынан Қазақстан бүгінде Орталық Азия мен Кавказ сырты елдерінің көпшілігінен алда келеді.

Қазақстан еуразиялық кеңістіктегі бірігу процестерінің бастамашысы және белсенді қатысушысы болып табылады.

Қазақстан ұсынған интеграциялық бастамалары Достастықтың барлық елдерінің саяси топтарының оң пікіріне ие болып, одан әрі бірігу процестерінің қозғаушысына айналуда.

Қауіпсіздіктің қазіргі жаһандық қатерлерін (лаңкестік және экстремизм, есірткі бизнесі, жаппай қырып-жоятын қарулар тарату, заңсыз көші-қон және т.с.с.) зерделей отырып, еліміз өңірде ұжымдық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруды және барша әлемдегі қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған бастамаларын ұсынады.

Қазақстан бүгінде әлемнің ең қарқынды дамушы мемлекеттерінің бірі және оны барлығы мойындады.

Бұл мерекенің мақсаты Қазақстанның жетістіктерін тиімді насихаттау және елдің мүмкіндіктерін көрсетуге бағытталған нақты іс-шаралар өткізу негізінде қоғамның бірлігін нығайту болып табылады.

М і н д е т т е р :

Қазақстанның тәуелсіз даму кезеңіндегі жетістіктерін кеңінен насихаттау; мемлекеттің халықтың өмір сүруі үшін қолайлы жағдай жасау мүмкіндіктерін көрсету ;

төзімділік, рухани бірлік пен келісім идеяларын насихаттау; қазақстандықтардың этностық және конфессиялық тегіне қарамастан біртұтас егемен мемлекеттің тең құқылы азаматтары ретіндегі сәйкестендіру процесін тереңдету

Мерекенің идеялық-көркемдік мазмұны

Мерекелік іс-шараларға дайындық пен оны ұйымдастыру кезінде мынадай принциптер мен идеологиялық басымдықтарды іске асыруды қамтамасыз ету қажет:

элеуметтік-экономикалық және мәдени сипаттағы көпшілік акциялар мемлекеттің әртүрлі ұлттық жоспарлар мен бағдарламаларды іске асырудағы (өнеркәсіптік және элеуметтік-мәдени нысандардың пайдалануға берілуі, отандық экономиканың қандай да бір саласындағы жетістіктерінің халықаралық көрмесінің ашылуы, республика және оның адамдары туралы фильмнің, кітаптың, әннің тұсау кесу рәсімі және т.с.с.) табыстарын көрсетуі қажет;

жаппай халықтық шерулер ауыл тұрғындары мен халықтың табысы аз бөлігін қолдауға бағытталған қайырымдылық акцияларымен (мәдени орталықтардан шалғай жатқан елді мекендердің тұрғындарын қалалар мен аудан орталықтарында өтетін мерекелік іс-шараларға қатыстыру, әртүрлі деңгейдегі басшылардың балалар үйлері мен басқа да элеуметтік нысандарға, көпбалалы және көмекке зәру отбасыларына баруы және т.с.с.) қатар жүре алады;

ҰЕҰ, министрліктердің, ведомстволардың, мекемелер мен ұйымдардың, жекелеген азаматтардың бастамашылығына сүйену қажет.

Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру кезінде салтанатты жиналыстар өткізуді, мемлекеттің дамуына үлес қосқан азаматтарды көтермелеудің әртүрлі нысандарын пайдалануды көздеген жөн.

Тәуелсіздік күні Қазақстан Республикасының туын, елтаңбасын және әнұранын насихаттауға ерекше көңіл бөлінуге тиіс. Ресми іс-шаралар өткізілетін ғимараттар Мемлекеттік тумен безендіріледі. Басқа ғимараттар мен рекреациялардың мерекелік безендірілуі - осы мерекені өткізудің міндетті шарты. Мемлекеттік тудың пропорцияларын ескере отырып, алтын түспен астасқан көгілдір түс басым болуға тиіс.

Жаппай шерулер өтетін жерлерде, саябақтар мен гүлбақтарда, қоғамдық мекемелерде танымал отандық композиторлардың саздары, Қазақстанға, оның елордасына арналған әндері орындалуға тиіс.

Қазақстанның көрнекті адамдарын мәңгі есте қалдыратын, елдің мәдениетінің бірегейлігі мен оның жетістіктерін көрсететін ескерткіштердің, мемориалдық белгілер мен скульптуралардың ашылуын Тәуелсіздік күні өткізген дұрыс.

Республикалық және жергілікті телеарналардан Қазақстан мен оның елордасына арналған фильмдерді кеңінен көрсету, отандық авторлардың көркем және деректі туындыларының ретроспективті көрсетілімін беру ұсынылады.

Мерекені ақпараттық-идеологиялық тұрғыдан қолдау

Мерекені ақпараттық қамтамасыз ету аясында БАҚ-тарда Қазақстанның тәуелсіздік үшін күресінің тарихи жолын ел мемлекеттілігінің орнауы мен дамуының негізгі кезеңдерін егжей-тегжейлі баяндалуын қамтыған жөн. Тәуелсіздік пен егемендік идеяларын насихаттау мақсатында халықты тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы ісіне елеулі үлес қосқан көрнекті тарихи қайраткерлердің өмірі және қызметімен таныстыру қ а ж е т .

Мереке күні және оның қарсаңында отандық және шетелдік БАҚ-тарда Қазақстанның тәуелсіз даму жылдарындағы жетістіктерін насихаттаған, танымал саяси қайраткерлердің, ғалымдар мен басқа да белгілі тұлғалардың сөз сөйлеуін ұ й ы м д а с т ы р ғ а н ж ө н б о л а д ы .

Республикалық БАҚ арқылы Мемлекет басшысының Тәуелсіздік күніне арналған сөзін беру және баспасөзде жариялауды қамтамасыз ету маңызды.

Ақпараттық жұмысты ұйымдастыру кезінде БАҚ-тарда орналастырылатын материалдардың идеологиялық мазмұнына ерекше назар аударған жөн. Ол республика азаматтарының қазақстандық қоғамға қатыстылығын сезінулеріне бағытталуы тиіс.

Мерекені насихаттық қамтамасыз ету жұмысына мемлекеттік ұйымдар және жетекші БАҚ-тармен қатар қоғамдық ұйымдарды, оның ішінде жастар ұйымдары, ҮЕҰ , ұлттық-мәдени бірлестіктер тартылуы мүмкін.

Қазақстан тәуелсіздік жылдары саяси тұрақтылықты, этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтап қалғанына басты назар аударған жөн. Экономикалық жаңарулар жүргізілді, оларды бүгін бүкіл әлем мойындап отыр. Елде жыл сайын әлеуметтік саладағы жағдай жақсарып келеді, елдің саяси жаңаруы сәтті жүргізіліп о т ы р .

Президент Н.Ә.Назарбаевтың елдің алдына қойған: өз азаматтарының өмір сүру сапасының ең жоғары стандарттары бар барынша дамыған елу мемлекеттің қатарына кіру жөніндегі жаңа мақсатқа назар аударған дұрыс.

Жүргізіліп отырған жұмыстың негізгі міндеті болашаққа деген оптимистік көзқарасты қалыптастыру болып табылады. Қазақстандықтардың басты мақтанышы - б е й б і т ш і л і к п е н т ұ р а қ т ы л ы қ .

Алайда қазіргі күннің сын-тегеуіріндері мен қатер төндірулері алдында басқа елдерде қақтығыстар мен шиеленістерді эскалациялау үшін адамдардың этностық және діни сезімдерін пайдаланудың тоқталмай отырған әрекеттері аясында біз қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді сақтап қана қоймай, оны еселей түсуіміз қажет.

Қ а р а ж а т т а р м е н р е с у р с т а р

Тәуелсіздік күнін өткізу үшін материалдық-техникалық, сол секілді ұйымдастыру сипатындағы барлық мемлекеттік және қоғамдық ресурстарды мақсатқа сай ж ұ м ы л д ы р у м а ң ы з д ы .

Ұсынымдардың міндеттерін іске асыру мақсатында іс-шаралардың

жалпыреспубликалық және өңірлік ерекшеліктерін нақты айқындап алу, қаражатты үнемдеу мақсатында олардың қайталануына жол бермеу қажет.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ